

Ақмола облысының мемлекеттік орман қоры аумағында өрт шығу қаупі жоғары кезеңіндегі шектеулер туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 16 шілдедегі N А-5/297 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 17 шілдеде N 3257 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 25 мамырдағы № А -7/243 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 25.05.2016 № А-7/243 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 63-бабындағы 4-тармағына сәйкес, өрт шығу қаупі жоғары кезеңінің басталуына байланысты облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өрт шығу қаупі жоғары кезеңінде жеке тұлғалардың орманда болуын және онда көлік құралдарымен кіруіне, сондай-ақ Ақмола облысының мемлекеттік орман қоры аумағында жұмыстың белгілі бір түрлерін жүргізуге шектеу қойылсын.

2. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің " Көкшетау" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президенті Істері басқармасының "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығы" (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Көкшетау орман селекциялық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақмола облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесімен (келісім бойынша) бірлесе отырып өрт шығу қаупі жоғары кезеңінде орман өртенуі бойынша ең қауіпті учаскелерге кіре берістің басты жолдарында пост бекеттерін қоюды қамтамасыз етсін.

3. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі орман алқабында өрт шығу қаупі жоғары кезеңінің басталуы туралы ақпаратты Ақмола облысының әкімдігіне, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақмола облысының ішкі істер

департаментіне" (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің "Ақмола облысының төтенше жағдайлар жөніндегі департаментіне" (келісім бойынша) дер кезінде тапсырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.М. Отаровқа жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

С.Кулагин